

**Жанғара ДӘДЕБАЕВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы, профессор**

УАХИТ ШӘЛЕКЕНОВ



Бұрынғы жылдармен салыстырғанда, сол бір жылғы қыс ерекше болды. Қар жауды, еріді, көк тайғақ болды. Қар қайта жауды, тағы жауды. Соқпақ жолдың жағасы үйілген қар, табаны көк мұз. Алатаудың басын бұлт басқан. Күн мұнарланып тұр. Әжептеуір аяз бар.

Университетке келе жатырмын. Жол тайғақ. Тайып кетпе-йін деп, аяғымды абайлап басып келемін.

Университеттің ауласына кіре бергенде, алдымнан қарсы келе жатқан Уахит Хамзаұлы Шәлекенов ағамды көрдім. Мен сияқты көзіне қарап келе жатқан жоқ, күннің ызғарын да елейтін емес. Жыраулар поэзиясындағы алп-алп басқан арабы, табаны жалпақ тарландай ақ қар, көк мұзды елең қылатын емес. Қара жолмен келе жатқандай алаңсыз. Көргеніме қуанып қалдым. Сәлем бердім. Сабағын өткізіп, үйіне қайтып бара жатқан беті екен. Кісінің кісіні көргенде қуануының өзі бір жасағанмен бірдей болады екен. Егде тартқан кісі көргенінің бәріне қуана бермейді ғой. Менің қуанып қалуымның себебі бар. Бұл кісіні маған ұстаздық еткен, өнеге берген ұлы ұстаздарымның өзі аға тұтатын. Уаха! Уахит Хамзаұлын сол ұстаздарым осылай атайтын. Бірде Уахаңа еркелегендей, бірде Уахаңды еркелеткендей болатын. Өздері де, сөздері де жарасып тұратын. Сондықтан Уахаң маған сол ұлы ұстаздарымның өзіндей болмаса да, көзіндей ыстық. Тіпті сол ағаларымның ізімен Уахаңа мен де еркелегендей әрі Уахаңды еркелеткендей болатыным бар. Уахаң да мені еркелеткендей әрі маған еркелегендей сезінемін. Сезініп қана қоймай, іштей ұлы ұстаздарымның

ағасын, алтынды тонның жағасын көргендей толқып тұрамын. Марқайып қаламын.

Уахаң портфелінен Шыңғыс хан туралы кітабын алып көрсетті. Қалың. Безендірілуі жақсы. Әуелгі («сүйінші») данасы екен. Кітап жайын, Шыңғыс хан туралы өзінің көзқарасының ерекшелігін айтып, ойында жүрген үлкен бір парызын орындағандай ажарланды. Бұған дейін үш жүзден астам ғылыми еңбек жариялаған, жиырмадан астам монография, оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, жарыққа шығарған, Баласағұн қаласының тарихына арналған «Құм басқан қала», «Ү-ҮІІ ғасырлардағы Баласағұн» атты іргелі зерттеулері елдің игілігіне асқан, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған ғалымның нұры тасыған жүзіне көңілім толып қарадым. Шыңғыс хан туралы еңбегінің баспадан шыққан су жаңа данасын қолына ұстап тұрып айтқан қуанышты сөздерін де, қуанышын да құрметпен қабылдадым. Шын жүректен құтты болсын айттым.

Уахаңның биыл тоқсан жасқа толатыны есімде. Ғалымның тоқсанға толар шағында Шыңғыс хан туралы үлкен монографиялық зерттеу еңбегін жарыққа шығаруы үлкен табыс екені, қуануға лайықты жетістік екені туралы ойым көкейімде тұрды. Жол үстінде бір-бірімізге жақсылық тіледік. Уахаң үйіне қарай бет алды. Алып тұлға байсалды қалпымен ақ қарды басып, көк мұзды жарып барады. Мен филология факультетінің оқу ғимаратына бет алдым. Көзіме күн сәулесі түсті. Алатаудың басын құрсаған бұлт ашылып, күн мұнардан шыққанға ұқсады.

Ілгеріден жеткен кәрия сөздер тоқсанды бірде торға, бірде орға шендестіруші еді. Соған құлақ қойып, соған мойынсұнғандай болатынбыз. Соны ақиқат шындықтай көретінбіз. Кәрия сөздің жалғаны бола ма. Рас қой. Оны жоққа шығармақ емеспін. Бірақ ой қуаты мол, шығармашылық ерік-жігері күшті, ішкі қалыбына, боямасыз ықыласына қасиет біткен жан үшін тоқсан дегеніңіз торды да, орды да елең қылмай, ақ қарды бұзып, көк мұзды жарып алға аса беретін алып тұлға, байсалды болмыс екен. Алла біледі деп айтайын, Уахаңды осындай ой қуаты мол, шығармашылық ерік-жігері күшті, ішкі қалыбына, боямасыз ықыласына қасиет біткен адам-ау деп ойладым.

Уахит Хамзаұлы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетіне кафедра меңгерушісі әрі декан болып келгенде, біз филология факультетінің жоғары курсына оқушы едік. Содан бері Уахаң көзіміздің

алдында, көңіліміздің төрінде.

Университетке келген бойы Уахит Хамзаұлы тарих факультетінде оқитын студенттердің оқу-тәжірибесін өткізетін археологиялық база жасау мәселесін көтерді және оны көп созбай шешті. Шу бойындағы Ақтөбе деген жерде жүргізіле бастаған археологиялық қазба жұмыстары сарапталып, студенттердің археологиялық оқу-тәжірибе базасы осы жерден ашылды.

Студенттердің тиісті пәндер бойынша алған теориялық білімдерін оқу-тәжірибе барысында пайдаланып, лайықты біліктілікке, кәсіби құзіреттілікке ие болуы аса маңызды, өмірлік мәні өте жоғары сапалық көрсеткіш екені белгілі. Уахит Хамзаұлы археологиялық оқу-тәжірибе базасын ашу арқылы студенттерінің осындай көрсеткішке жетуі үшін қажетті жағдайлар жасауға қол жеткізді. Бұл университет өміріндегі үлкен жетістік еді. Жаңа келген деканның жаңашылдығы туралы тарих факультетінің студенттері керемет көріп, ауыздарын толтырып айтқан әңгімелері көрші факультеттердің студенттерінің құлағына өсіп, өнген түрде жетіп жатты.

XX ғасырдың сексенінші жылдарының басында Уаханның бағдарламасы бойынша Ақтөбеден табылған ортағасырлық үлкен қаланың аэрокартасы жасалды. Құм астындағы қаланың жетпіс шаршы километр аумақты алып жатқаны анықталды. Археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерге, қаланың аэрокартасына сүйеніп жүргізілген ғылыми сараптаулар негізінде Ақтөбеде құм басып жатқан қала қарахандар мемлекетінің астанасы Баласағұн екені дәлелденді. Бұл тарих ғылымындағы аса ірі жаңалық еді. Осы тұста университеттің тарих факультетінде археологиялық музей ашылып, Баласағұнда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлер сол музейге қойылды. Музейді көріп, тамашалауға жер-жерден мамандар келді, халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар өтті. Бұқаралық ақпарат құралдарында көпшілікке арналған мәліметтер, хабарлар, очерктер, көсемсөздер жарияланды. Ғылыми мақалалар, жинақтар, зерттеулер, конференция материалдары жарық көрді, университет студенттеріне арналған жаңа арнаулы пәндер оқытыла бастады. Қоғамдық сана, қалыптасқан тарихи таным жаңғырды, археологиялық зерттеулердің тынысы ашылды.

М

Музейдің ашылуын тарих факультеті ғана емес, филология,

журналистика факультеттерінің профессор-оқытушылары да ерекше ықыласпен қабылдады. Музейдің ашылуына филология факультетінің ғұлама ұстаздарымен бірге мен де бардым. Кейін бірнеше рет жеке барып, музейге қойылған жәдігерлерді асықпай қарадым. Баласағұнда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының бірнеше жылғы есептерін қарап шықтым. Әр жылдың есебі жеке түптелген. Әрқайсысының қалыңдығы төрт елі. Әрқайсысында баға жетпес құнды ғылыми мәліметтер, дерек көздері, болжамдар мен пайымдаулар сіресіп тұр. Онда сипатталған кейбір жәдігерлер туралы Уахит Хамзаұлы сағаттап сөз сөйлейді, қасындағы жас оқытушылар, археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге қатысқан мамандар әр жәдігердің табылуы, жасалған дәуірі туралы ұстаздарынан қалыспай, алуан түрлі қисынды ойлар айтады. Кейде тарихи аңыздарға сүйеніп, ойларының да, сөздерінің де нәрін күшейтіп, мәнін аша түседі.

Музейде тұрған жәдігерлерге, заттар мен бұйымдарға белгілі бір кезеңде жасалған тұрмыстық зат, бұйым ретінде қарау жеткіліксіз екен. Ол заттардың жасалу технологиясын, жасалған мерзімін, қандай мақсатта жасалғанын білумен шектелу де дұрыс еместігін ұқтым. Мұндай заттар мен бұйымдарды танудың өзіндік әдіс-тәсілі, жол-жобасы бар болып шықты. Солардың бәрін біртұтас жүйеге түсіріп қарағанда, музейдегі әр зат, бұйымның барлық қырларын, ондағы бейнелер мен өрнектерді, символдық белгілерді тұтас алып пайымдау қажеттігіне көз жеткіздім. Солай еткенде Баласағұннан табылған бір жәдігердің өзінен оның жасалған дәуірін, оны жасаушылар мен тұтынушылардың өміртарихын, өмірлік мақсаттары мен мұраттарын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, психологиясын, дүниетанымын, дүниеге көзқарасын... – бәрін аңғаруға болады екен.

Уахит Хамзаұлының Баласағұннан табылған бір жәдігердің өзін жазулы тұрған хаттай «оқығанына» қатты қызықтым. Уахаңның, Уахаңның шәкірттерінің сөзі, ойлары мен «оқулары» Баласағұннан табылған материалдық мәдениет ескерткіштері туралы пікірімді байытты, көзқарасымды тереңдетті. Кейін Баласағұнға барып, құм басқан қаланың топырағын аудардым, археологиялық оқу-тәжірибе базасының жұмыстарын көрдім. Қала орнының күн батыс жағын көктемде тасып аққан су терең, кең арналы алып арыққа айналдырыпты. Екі жағы терең жар. Жардың көзге көрінер бетінде қала тұрғындары тұтынған заттардың, ыдыстардың

сынықтары көрінеді. Су шайып қазған жардың өзінен қыруар жәдігердің ізі көрініп тұрды. Мен үшін осының бәрі маңызды еді. Мен үшін соның бәрінің пайдасы болды ғой деп ойлаймын. Олай болатын жөні де бар.

Менің ғылыми зерттеулерімнің бағыты әдебиет пен тарихтың тоғысқан торабынан басталады. Қазақ романына негіз болған тарихи оқиғалар, тарихи аңыздар, дәстүрлі мәдениет үлгілері, әдет заңының сілемдері... – бәрі де менің зерттеулерім үшін аса қажетті дерек көздері болатын. Уахаңның өзі мен ғалым шәкірттерінің археологиялық зерттеулеріне айрықша ден қоюымның осындай да сыры бар-ды.

Уахит Хамзаұлының ғылыми-зерттеулерінің нәтижелеріне, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ғылыми ойлау ерекшеліктеріне көз салғанда, ғалымның бойындағы ерекше дарын дараланып көрінеді. Ғалымның өз дегеніне ден қойғанда, дарын деген – қанатты қасиет. Бірақ ол қанат емес. Қанат ұшу үшін керек. Археолог үшін, құм астындағы қалалардың тарихын зерттеуші ғалым үшін қанат байлап ұшудың керегі жоқ. Құм басқан қалаларды зерттеуші ғалымдардың еңбек күндерінің көбі жердің асты мен үстінің ортасында өтеді. Бұған қарап, археолог ғалымдарға қанаттың мүлде керегі жоқ екен деуге болмайды. Жазғы еңбек күндері жердің асты мен үстінің ортасында өтетін археолог ғалымдарға да қанат керек. Ол қанат археолог ғалымның қапталында емес, қиялында, ойында болуы керек.

Уахаң осылай ойлайды, Уахаң осылай толғайды. Уахаң айтып отырған «қанат» ғалымның Отан тарихына, Отан тарихының шындығына, ел мәдениетіне, елге деген үлкен сүйіспеншілігі болар деп ойладым. Тұла бойы тарихқа, ақиқатқа деген құштарлыққа, халыққа, халықтың өткеніне деген сүйіспеншілікке толып тұрған ғалым тоқсанда да тыным таппай еңбек етеді екен. Осындай ойдың әсерінде отырып, Уахаңның ісінен Отанды, елді, ел тарихының шындығын сүюдің жарқын үлгісін көргендей болдым.

Табиғат үлкен дарын берген талантты ғалымның бойындағы бар қабілет-қасиетін, бар қуат-күшін, ерен еңбегін инемен құдық қазғандай іске, біреулер қиратып, жермен жексен еткен, құм астына түсірген қалаларды қолмен қазып аршып, «бастапқы қалпына келтіруге» жұмсағанына бір сәт таңданып қарауға да болар еді. Дұрысында, Уахаңның білімі мен білігін, ақыл-ой қуаты

мен қол еңбегін, өмірін арнаған мұндай іске, оның нәтижесіне танданып қана қою жеткіліксіз, мұндай іс бітіру және оның нәтижесін ел игілігіне асыру жолында ақ терін төгіп, жігіт кезінде таңдап алған қасиетті тарих жүгін тоқсанда да тоқтамай тартып келе жатқан абызды ардақтау парыз.

Ойларымды осылай тарата келеп, Уахаңа арнап мынадай жылы сөзімді арнап едім:

- Ұлы ұстаздарымның ағасы, алтынды тонның жағасы, ардақты Уахит Хамзаұлы! Қаламыңыздың ұшы мұқалмасын, күннің ыстығында сая болған, суығында пана болған орман-тоғайыңызға балта тимесін, шөлдегенде шөліңізді қандырған өзен-көлдеріңіздің суы тартылмасын!

Бұл сөзімді Уахаңның көзі тірісінде жарияладым.

Содан бері де бірталай уақыт өтіпті.

Уахит Хамзаұлы Шәлекенов археологиялық қазба жұмыстарымен, ғылыми зерттеулерімен, ұстаздық қызметімен қазақ ғылымы мен білімінің дамуына зор еңбек сіңірген, ардақтауға да, мадақтауға да лайықты аса ірі қайраткер тұлға еді.

Соңғы қаралған уақыты:
15.01.2024